



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

11.10.2023 № 4 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбітшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 11 қазандағы  
қауалысы

«Құқық қорғау органдарының  
азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
жөніндегі жұмысының жай-қүйі туралы»  
Астана қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 30 қыркүйектегі 233/32-VII  
шешімінің орындалу барысы туралы

Бланк сериялық номеріз жарасымыз  
Бланк без серийного номера не действителен

Үекілетті мемлекеттік органдардың «Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-қүйі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі 233/32-VII шешімінің (бұдан әрі - Мәслихат шешімі) орындалу барысы туралы» акпаратын тындалап, Астана қаласы мәслихатының занылышқ, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мыналарды атап өтеді.

Жергілікті атқарушы орган Астана қаласының Полиция департаментімен (бұдан әрі - Полиция департаменті) бірлесіп қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Жедел басқару орталығына (бұдан әрі - ЖБО) 30 000-нан астам бақылау камерасы шығарылған, оның ішінде «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК 13000 бейнекамерасы («Smart City» бағдарламасы бойынша «Сергек», «Қайыңсіз аула» бағдарламасы бойынша камeralар); білім беру обьектілерінің 5186 бейнекамерасы, денсаулық сактау обьектілерінің - 1970 және Департаменттің ЖБО 1830 камерасы қосылған.

«Smart Astana» қосымшасының алаңында ойын-сауық орындары иелерінің келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылдайтын шараларды деңгейіне қарай саралау жүргізетін «Ойын-сауық мекемелерінің қауіпсіздік рейтингі» ақпараттық сервисінің жұмысы іске қосылды.

Мәслихат шешімінің ұсынымын іске асыру шеңберінде «Жол жүрісі туралы» КР Заңына және Жол қозғалысы ережесіне «жеке мобиЛЬДІК құралы» ұғымын енгізе отырып, жол қозғалысын заңнамалық реттеу туралы ПМ ӘПК-не

хат бастамашылық етілді, жеке мобиЛЬДІК құралдарына электр самокаттар, сегвейлер, монодөңгелектер мен гироскутерлер жатқызылды. 2023 жылғы 29 маусымда Мемлекет басшысы «Жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша кейбір заннамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы құрес бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында елордада алкоголизм мен нашақорлықтан мәжбүрлеп емдеуге жіберу бойынша жұмыс жалғасуда, 179 адамға алкогольді ішуге тыйым сала отырып, мінез-құлыққа ерекше талаптар белгіленді.

Мәслихат шешімінің участекі полиция инспекторларының санын көбейту және олардың қызметін цифрландыру жөніндегі 3-тармағы 4-тармақшасын іске асыру үшін полиция көмекшілері мен «мектеп» инспекторларын участекі инспекторларға қайта бөлу жүргізілді.

Азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғау іс-шараларына тарту кезінде сыйақының нысандарын, мөлшерін қайта қарau мәселесін шешу үшін Астана қаласының әкімдігіне қоғамдық көмекшілерді іріктеу және жинақтау процесінің тәсілдерін өзгерту туралы ұсыныс енгізілді.

Мәслихат шешімінің ұсынымдарын орындау үшін отбасылық-тұрмыстық саладағы жауапкершілікті қатаандату және қылмыстарды азайту жөнінде шаралар қабылданды. Пилоттық режимде отбасылық – тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар жасауға ықтимал бейім адамдарды анықтау үшін «ODARA» жүйесі бойынша «Серікtestіk - тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу құралы» тұрмыстық зорлық-зомбылық тәуекелдерін бағалаудың халықаралық құралы енгізілді.

Сонымен қатар, өткізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан, Мәслихат шешімінің ұсынымдары толық көлемде орындалмай отыр.

Тұратын адамдарды есепке алуды енгізу және Астана қаласының Полиция департаментіне және Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне мәліметтерді ұсына отырып, хостел ретінде пайдаланылатын үй-жайлардың заңды мәртебесін белгілеу және оларды тіркеу мәселесі зерделенбеген.

Қалада орнатылған жол белгілерінің Жол қозғалысы ережелеріне сәйкестігі және оларды жол қозғалысына қатысушылардың сақтауы тұрғысынан талдау жүргізілмеген. Қауіпсіздік мәселелерін шешу және қызметкерлердің қоғамдық орындарда тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін қаланың шеткі аймақтарында жаяу патруль жұмысы жандандырылмаған.

Полиция департаментінің қызметкерлері осы уақытқа дейін қорғау нұсқамаларын қағаз форматында шығарады, оған көп мөлшерде қағаз жұмсалады және жылдық шығындар шамамен 1 млн. теңгені құрайды.

Полиция пункттерінің жұмысы, полицияның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі бойынша көптеген сұрақтар бар. Тұрғын үй кешендерінің аулаларындағы бейнекамералар ЖБО-на толықтай қосылмаған, нәтижесінде құқық бұзушылықтар әрдайым тез ашыла бермейді. Сондай-ақ білім беру

объектілері де толықтай ЖБО-на қосылмаған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының зандылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-күйі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі 233/32-VII шешімінің орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алғынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне Астана қаласының Полиция департаментімен бірлесіп:

«Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-күйі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі 233/32-VII шешімін толық көлемде орындау жөнінде шаралар қабылдау;

қорғау нұсқамаларын Электрондық үкімет порталының шлюзіне бір мезгілде түсіре отырып, шығару және жіберу және әкімшілік участекелерге арналған паспорттарды цифрлық форматқа көшіру процесін автоматтандыру жөніндегі мәселені пысықтау;

азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғау іс-шараларына тарту үлесін арттыру үшін қоғамдық көмекшілерді іріктеу және жинақтау процесінің тәсілдерін өзгерту мәселесін зерделеу;

Электрондық үкімет порталы арқылы тұрғылықты жері бойынша тіркелу процесін автоматтандыру жөніндегі мәселені пысықтау;

орнатылған жол белгілерінің Жол қозғалысы ережелеріне сәйкестігіне және оларды жол қозғалысына қатысушылардың сақтауына талдау жасау;

қауіптілігі жоғары жерлерде жол белгілері мен жасанды жол кедергілерін орнату жөнінде ақпарат беру ұсынылсын.

3. Астана қаласының Полиция департаментіне:

полицияның мобильді пункттері жұмысының тиімділік көрсеткіштеріне талдау жүргізу және нәтижелерін Астана қаласының мәслихатына ұсыну;

Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының штат санын көбейту мүмкіндігін қарастыру;

жол қозғалысы қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ету саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін «Рубеж» бекеттерінің жұмысын қалпына келтіру жөніндегі мәселені зерделеу, оның ішінде оларды тиісті жай-күйге келтіру және кейбір «Рубеж» бекеттерінің орналасқан жерін қайта қарау;

учаскелік полиция инспекторларының халықпен жұмысын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау, ақпараттық жұмысты қүшнейту, халыққа қажетті ақпаратты жеткізу үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді белсенді қолдану ұсынылсын.

4. Астана қаласының Полиция департаментіне «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп, үйлердің аулалары мен

кіреберістерінде, мектептер мен балабақшаларда орнатылған камераларды қосу мәселесін Жедел басқару орталығымен зерделеу ұсынылсын.

5. Астана қаласының полиция департаментіне «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп мектептерде мектеп инспекторлары лауазымын енгізу мәселесін пысықтау ұсынылсын.

Астана қаласы мәслихатының заңдылық,  
құқық тәртібі және жүртшылықпен  
жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы

А. Айтхожин